



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№25 (562)  
20 маусым,  
2024 жыл

## ОЙСЫЗДЫҚ

ОҚУШЫНЫ ОРҒА ЖЫҒАДЫ



Түбі бір түркі елінің ортақ ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген еді. Бұл сөзін растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу – құнды қазына.

Әрине, балаларға жан-жақты құқықтық тәрбие беруді жетілдіріп отыру – басты парыз. Бірақ сол тәрбие беруде үнемі кеш қалатынымыз ешкімді ойландырар емес. Балалар баланың тәрбиесі бөсіктен бастау алатынын айтудай-ақ айтқан. Бірақ көбіміз бүгінгі ұрпақтың, яғни ертеңгі ел тірегін ақыл-парасаты мол, мәдениеті озық, саналы өсуі, оның кейін есейгенде жияр біліміне ғана байланысты емес, ең алдымен құрсақтан берілетін иманды әдет-ғұрып, өнегелі салт-дәстүр, ұлттық болмыспен келетін тәрбие көзінде жатқанын ескере бермейміз.

Қазіргі жастарды білімсіз, ештеңе көрмеген деп айта алмайсыз. Жастарымыздың дені мектеп бітірісімен, елдегі қалаған оқу ордаларына немесе шетелдің іргелі оқу орындарына барып, әлемнің озық күйі мен білімін игеріп қайтады. Ал бірақ олардың бойында қалыптаған ұлттық тәрбие өзегі бар ма? Өйткені мектепте бозбалалардың топтасып қарашадй баланы төмпештейтіні, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетілмейтіні, жас қыздардың бірін-бірі шаштан сүйреп, нәзіктіктен жұрдай болатыны, тегіс темір үзетін жігіттердің ұрлыққа түсетіні, көздері жаудіреген көпбалалы отбасыларына бір «жетім бұрыш» бұйырмай жатқанда, мұрты майланған жемқорлардың түйені түгімен асап астамшылық жасайтыны ненің салдары деп ойлайсыз? Сұрақ көп...

2-бетте



Қазақстан қалаларына «Сергек» орнатылған. Бұл камера жол тәртібін бұзушыларға тосқауыл қоя алатын басымдыққа ие. Бірақ көптеген көлік жүргізушісі бұл құрал туралы толыққанды біле бермейді. Сол себепті «Сергектің» сырына үнілмекпіз.

## «СЕРГЕК»

сергелдеңге салмасын десек...

Еліміз бойынша жалпы саны 34 мыңнан асатын бейнебақылау камерасы бар. Ол – жылдамдық шегін, жол ережелерінің сақталуын, қарама-қарсы бағытқа дұрыс өтпеу, тұтас сызық жолағын басып өту, бағдарламға тоқтау, дұрыс аялдау орындары мен қауіпсіздік белбеуі және өзге де жолда болатын жағдайларды қадағалауға мүмкіндігі бар бірден-бір озық құрал. Жол-патрульдік полиция қызметкерлері үздіксіз қала көшелерін торуылдайды. Дегенмен көзден

таса жерде болған жайттарды камераға сеніп тапсыруға болады.

Камера технологиялық тұрғыдан сыңа ұшырамайды. Ол қар мен жаңбырға, еліміздің кез келген ауа райында келенсіздікке төтеп бере алады. Сондай-ақ оның қызметін жақсарту үшін Sergek Group камерамен бірге жұмыс істейтін инфракызыл жарық құрылғыны қосты. Бір камераға 3 инфракызыл жарық құрылғысы жалғанған. Оның көмегімен жолдың әрбір

жолағын қадағалауға, түнгі уақытта барлауға, автокөлік салонына қарауға, қауіпсіздік белдігін таққан-тақпағанын, темір тұлпардың нөмерін, жүргізушінің бет-әлпетін анықтауға болады. Камера түнгі уақытта да өз жұмысын мінсіз атқарады. Оның қызмет ету мерзімі 10 миллион циклге жетеді, сондай-ақ барлау аймағы үш қозғалыс жолағын қамтуға қауқарлы.

5

## ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР:

## АРАЛДЫ ҚҰТҚАРА АЛА МА?

Жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Түркістан мен Қызылорда облысындағы құрғақшылық қаупі туралы айтылды. Иә, расымен бұл аймақтар қуаңшылық мәселесіне келгенде алдыңғы қатарға тізіледі. Аралдың өзі бөлек дүние. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз әлем жұртшылығының назарында.

Бүгінде қазақстандық ғалымдар әлемдік практикада жиі қолданылатын жасанды жолмен жауын жаудыру технологиясын Аралға орнатуды қолға алды. Қазір мамандар «Арал да сенің жерің» ұранымен жұмыстарын бастады. Осы орайда International Center of Climate change Technologies компаниясының директоры, климаттық технологиялар саласының сарапшысы Алтай Айнабекпен хабарласып, жасанды жаңбыр жөнінде сұрауды жөн көрдік.

– Алтай мырза, сұхбаттасуға келіскеніңіз үшін рақмет! Аралды қалпына келтіруде нақты қандай технологияларды ұсындыңыздар? Жасанды жаңбыр арқылы қандай нәтижеге қол жеткіземіз?

– Кеңес үкіметі кезінде, шамамен 70-жылдардың өзінде Аралдың тартылатыны болжанған. КСРО Ғылым академиясы бұл мәселенің шешімін климаттық технологиямен байланыстырып, бұлт ету, детонация секілді технологияларды сынап көрген. Бірақ мұхит акваториясынан ылғал тарту мүмкіндігі болмағандықтан, жауын деңгейін тек 15%-ға дейін көтерген. Бұл – өте аз көрсеткіш. Сол үшін бірінші кезекте «атмосфераның төменгі қабатын иондау» тәсілін жасаймыз, ол сол ылғалды тартады. Мұның мүмкін екенін көрсеткеннен кейін 100-ге жуық қосымша дрон жасақтаймыз.

Қазір 3 министрлік пен 2 институттың

мамандарынан жұмыс тобы құрылып жатыр. Аралға ылғал тартып, конденсациялау жүзеге асса, Орталық Азия болашақтағы су қауіпсіздігіне алаңдамаса болады. Жауын мөлшерін кем дегенде 100%-ға көтеруді жоспарлаудамыз. Өткен жылы тамызда Түркістан облысында жаңбыр деңгейі 650%-ға жоғарылады. Кейінгі жылдары Аралға мүлде су келіп жатқан жоқ. Біз бір жыл ішінде 8-15 шаршы шақырым су құюды жоспарлап отырмыз. Ол 4 Шардара су қоймасымен тең.

4



## ЕЖЕЛГІ ТҰРАНЫҢ ДИНОЗАВРЛАР ӘЛЕМІ

Ертегі әлеміндегі Мезозой эрасының тіршілік әлемі – алып динозаврлар тұқымдасы біздің өмірде мекендеген десек, бірі сенсе бірі сенбес. Қармақшы ауданы, Жосалы кентінің солтүстік шығысында 1957 жылы КСРО Ғылым академиясы Бозтобе түзілімдеріне жүргізілген экспедиция барысында динозаврдың тұмсықсыз бас сүйегінің қаңқасы табылған. Бас сүйекті палеонтолог Анатолий Рождественский зерттеп, сараптама алған нәтижесінде динозаврдың болжам жасын (93,9–89,8 млн жыл) анықтады. Аталған бас сүйек қаңқасы Арал маңында табылғандықтан, палеонтолог-ғалым А.К.Рождественский динозаврдың осы бір тұқымдасын Аралозавр деп атады.

6







# ЖАСТАР

## ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### «Сыр айбындары» халықаралық жиынға қатысады

«Айбын-2024» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында аймағымыздың намысын қорғайтын «Сыр айбындары» жастар командасын салтанатты шығарып салу рәсімі өтті.

Салтанатты шарада Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары А. Камбаров сөз сөйлеп, халықаралық жиынға қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары А. Жақыпов жас сарбаздарға лебізін білдірді.

16-23 маусым аралығында Алматы облысында өтетін халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына аудандық, қалалық және облыстық іріктеу кезеңдерінде үздік нәтиже көрсеткен 15 жастан құралған команда қатысады.

### Жүлделі спортшылар ауданға оралды

12-15 маусым күндері Астана қаласында «CHILDREN PARALYMPIC GAMES 2024» инклюзивті спорттық фестивалі өтті. Аталған жарыстан аудан спортшылары жүлдемен оралды. Спорт фестивалінде №220 орта мектебінің 3 сынып оқушысы Құсар Жалғас III орын иеленсе, №220 орта мектебінің 4 сынып оқушысы Аянат Аманжол II орынға не болды. Ал №83 орта мектебінің 3 сынып оқушысы Жәнібек Қазбек, №64 орта мектебінің 5 сынып оқушысы Рамазан Құдайбергелі, Арал көпсалалы колледжінің студенті Жангүл Шаханова I орынды иеленді.

Жүлдемен оралған жас спортшыларды теміржол вокзалынан аудан әкімінің орынбасары К. Бержанов және аудандық спорт, дене тәрбиесі және туризм бөлімінің басшысы Т. Әлжанов, мектеп директорлары, спорт мекемелерінің, Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері қарсы алды.

### Әкелер салған ізбенен

Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» МКҚК-ны және Ауғанстан соғысы ардагерлер ұйымы, «Жастар Үйі» бірлесіп, әкелер күні мерекесіне орай «Әкелер салған ізбенен» атты кездесу кеші, шахмат, дойбыдан сайыс өткізді.

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Темірбек Қаншұлы, «Гибрат» әкелер ансамблінің мүшелері Бақыткүл Әкімбақызы, Жанабике Ибайдуллақызы, аудандық ауған соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы Айдар Әліев, М.Горький атындағы №16 мектеп лицей жанындағы «Аскар тау» әкелер кеңесінің төрағасы Ертай Алғашбаевтар құттықтау сөз сөйлеп, кеш қонақтары мен жеңімпаздарға сый-сыяпаттарын тапсырды.

### Шағын футболдан аудан өкім кубогы өтті

Мемлекеттік қызметшілер және Полиция қызметкерлері күніне орай «Аудан әкімінің кубогы» жүлдесі үшін шағын футболдан турнир өтті.

Спорттық сайыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Жандос Еркінбекұлы сөз сөйлеп, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ, ауданда бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мемлекеттік қызметкерлер арасында өткен дүбірлі спорт додасына 29 мемлекеттік мекемеден 10 команда, 100-ден аса спортшы қатысып, ала доп бөкесінде сайысқа түсті. Тартысты өткен турнирде «Полиция бөлімі» командасы топ жарса, екінші орынға «Жосалы кенті әкімі аппараты», үшінші орынға «Қорқыт елі» (аудандық қоғамдық даму, білім, мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімдерінен құралған) командасы тұрақтады.

Жеңімпаз командаларға арнайы аудан әкімінің кубогы мен дәрежелік дипломдар және демалушы азаматтар тағайындаған қаржылы сыйлықтар табысталды.

### «Талағай» отбасылық сайысы

Қоғамдық даму бөлімінің тапсырысы аясында «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі және аудандық спорт бөлімі Әкелер күніне орай «Талағай» отбасылық сайысын ұйымдастырды.

Отбасылық тәрбиемен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен сайысқа бес отбасы қатысты. Нәтижесінде Рахимовтар отбасы I орын (Шоменов ауылы), Заурбаевтар отбасы II орын (Бұқарбай батыр ауылы), Жақсымовтар отбасы III орын (Ақсар ауылы) иеленді.

Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің сый-сыяпаты табысталды.

### Медицина қызметкерлері марапатталды

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Кәсіби мерекеде ауданның медицина саласының қызметкерлері ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, аудан әкімінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының, «СЕНІМ» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерінің салалық кәсіподағының, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының және халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Құрмет грамотасы» және «Алхыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты іс-шара барысында медицина саласының қызметкерлері мен ауданның көркемөнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, мерекелік концерт-күй сыйлады.

### BALA-LIKE балалар айы жобасы жалғасуда

17 маусым күні Көкшөкпе елді мекеніндегі спорт кешенінде «Bala-Like» атты балалар айы аясында Шилей ауданы әкімдігінің қолдауымен, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, 4-ші аймақ Жансейіт, Жақаев, Тәжібаев, Алмалы, Бестама, Арман молденіт үйлері мен клубтарының ұйымдастыруымен балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жас өнерлі отбасылар арасында «Талағай» атты спорттық сайыс өтті.

Сайысқа барлығы 7 отбасы қатысып, I орынды Ахметовтар отбасы, II орынды Тұрсыновтар отбасы, III орынды Тасқараевтар отбасы иеленіп, жеңімпаз атанды. Қатысқан отбасыларға алғыс хат пен бағалы сыйлықтар ұсынылды.

### Балық берме қармақ бер

«AMANAT» партиясы Жаңақорған аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында «Балық берме қармақ бер» атты құрақ құрау, тігін тігу кәсіби оқыту курсы жалғасты.

Екі күндік оқу арқылы тиісті сала мамандары қатысушылардың біршама дүниені үйренуіне ықпал етті. Оқу курсына қатысқан аудан тұрғыны Г.Билалова «AMANAT» партиясының «Ұлттық мұра» жобасы аясында өткен іс-шараға қатысып, тігін машинасымен жұмыс істеуді үйренгенін айтты.

«АЖ» ақпарат

# ОЙСЫЗДЫҚ ОҚУШЫНЫ ОРҒА ЖЫҒАДЫ

Адамға ақыра, бақыра сөйлеп, ашуын игере алмағандығы тәрбиелікке жатпайды. Өзіңнен үлкен

кабинетіндегі қағаз неғұрлым көп, сыртқы титулды жылтыр, папкаға жинақы салынуына қарап, сол мектептегі тәрбие керемет деп бағалануы ең басты көзбояушылық.

Екінші, мектеп сайты ақпаратқа толтыру. Мектептің тәрбие жұмысы туралы ақпаратты мектеп сайтынан бөлек фейсбук, инстаграм секілді әлеуметтік желіде қызыл-жасыл фотолармен көмкеру. Ол фотолармен сыртқы көзді алдағанымызбен, сабақтың қай деңгейде өткізілгенін оқушы жақсы біледі.

Үшінші, видео челленждер тізбегі. Оқушы сынып жетекшінің тапсырмасымен «менің жақсы көретін үй жануарым», «демалыс уақытын тиімді өткіземін», «алғыс айту күніне орай» тақырыптарында толассыз толып жатқан видеолар түсіруі. Бұл да оқушыларды мезі ете бастады.

Төртінші, мектептегі жалған белсенділік. Оқушыларды жаппай «Жас Ұланға» қабылдау, мектеп президентін, министрлерін сайлау т.б. нәтижесіз науқаншылық, тәрбиелік мәні төмен қозғалыстар көп. Мысалы, оқу жылының басында мектеп президентін сайлау науқаны өтеді. Үміткер оқушылар орындауы мүмкін емес уәделер жазылған парақтарын таратып, президент сайланады. Науқан сонымен аяқталады. Президент болған оқушы өзінің оқуымен әуре, әдемі уәделер жөніне қалады. Осы қажет пе?

Бесінші, мектеп психологтарының жұмысы. Мектепте психологтар шын мәнінде анкета жүргізумен, анкета нәтижесін қағазға толтырумен айналысады. Қиын оқушыларды психологқа апару үшін де ата-ананың рұқсаты керек, оқушыны психологқа сүйрей бермеңдер деген әңгімелер бар. Себебі психологтың қағаз жазудан оқушымен сөйлесуге уақыты жоқ. Міне, осы да және өзге себептер оқушының долы болып, өз ұстанымынан тайып кетуіне себепші болуы мүмкін.

– Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, кастерлеп, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр десек те болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелерде нендей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Осы жолда бұрынғы дана Абайды тәрбиелеген әже тәрбиесі, Шоқанға әсер еткен Айғаным тәрбиесі бүгінгі ата-ана мен ата-әжелеріміздің ескеруінде болмауы. Яғни, біз балаға ертегі айта отырып, жаттау жаттатқызып, білім мен тәрбиені егіз ұғымда қатар жолға қояр болсақ, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға негізделері анық. Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанына қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын» деп айтқан, – дейді Абылайхан атындағы №140 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақытжан Жақсылық.

Иә, осы ойды толық талдай кетейікші. Себебі мәселенің шешімі ұлттық тәрбиеде. Ұлы Абай атамыз қазақ отбасындағы кездесетін баланы жасынан алдап түбінде өтірікшілікке, сұм адамшылыққа баулып үйрету сынды тәрбиеге қайшы келетін тұстарды сыңға алады. Ондай кемшіліктерді ол өз қара сөздерінде былай жеткізеді: «Әуелі баланды өзін алдайсың, «ананы берем, мынаны берем» деп бастап, баланды алдағанына бір маз боласың. Соңында балаң алдаушы болса, кімнен көресің? «Бокта» деп біреуді боктатып, «көпір қияңқы, осыған тимеңдерші» деп, масаттандырып тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп, «хат таныса болды» деп, «қу, сұм бол» деп тірі жаңға сендірмей, жат мінез қыласың. Осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?» – дейді ойшыл.

Әрине, баланың сана-сезімі, ақыл-ойы осы нәресте кезінен қалыптасатынын естен шығаратын тұстарымыз көптеп кездеседі. Ал біздің ата-бабамыздың ұлттық тәрбиесі ондай бала тәрбиесін жете ойлап, жан-жақты қарастырып, тәрбие бастауларына нақтылап, негіздей білген.

Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін кәрі тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдехана, сүйінші, қырқыннан шығару, бесік тойы, тұсаукесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Ал осы құндылықтан ажырап қалған адам ғана су ішкен құдығына түкіреді.

Айдар САЙЛАУОВ

Басы 1-бетте

Бұл хит болған төбелескіш балалардан, ақша алысқан, ұстазбен шу шығарған оқушылардан т оң ойға оралды.



адамға басқа түк айтпайтын көргенді елдің ұрпағы ұсақталып кеткені ме дейсің... Әлде мектептегі білім беру

жүйесінің әлсіздігі ме? Осыны саралап көрдік.

Осы жайды ескерсе керек, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әрбір бала үшін қауіпсіз және бақытты балалық шақты қамтамасыз ету мақсатында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсету бағдарламасын әзірлеуде.

Бағдарлама аясында бұл ілімге ұшыраған және зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға құқықтық, психологиялық қолдау көрсетіледі. Негізгі мақсат – зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету кабинеттері қызметінің бірыңғай моделін құру және көмек көрсету процесінде балаларға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

– Әрбір бала зорлық-зомбылықтан қорғалуы тиіс. Көмек көрсету бағдарламасының қабылдануы балалардың салауаттығы және өзін қауіпсіз, жайлы сезінуі үшін жасалады, – деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкина.

Бағдарлама шеңберінде зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету кабинеттері қызметінің бірыңғай моделі әзірленді. Сот-медицина сараптамасын жүргізу, полиция қызметкерлерінің сұрақ-жауап алуы осы кабинеттерде жүргізілетін болады. Кабинеттер қызметінің бірыңғай моделін Оқу-ағарту министрлігі әзірлеп, жергілікті атқарушы органдарға осы сынды кабинеттерді ашу стандарты ретінде ұсынатын болады.

Бұрын оқушыны мұғалім ұрыпты, мұғалім оқушыға артық шара қолданыпты, қатты ұрыпты деген оқиғалар көп айтылатын. Қазір мұғалім оқушыны ұру түгелі оқушыға қатты ескерту жасай алмайды. Себебі ең қатты жұмыс жасайтын жалғыз заң бар, ол – «Бала құқығы туралы» заң. Әрине, ешкімді ұрып тәрбиелеу мүмкін емес. Бірақ ескерту жасауға, тәрбиеге шақыруға қорқып қалған педагогтар қауымы қалыптасқанын жоққа шығарма алмаймыз.

Қазіргі кезде мұғалімге күш көрсеткен оқушы мен мұғалімге қысым жасаған ата-ана туралы жиі естіміз, ондай жағдайды күнделікті өмірде де көп көреміз. Бұның соңы жақсылыққа апармайды.

– Жүректер қатайып кеткен. Білімде де, тәрбиеде де озық оқушылармен жұмыс жасап, көп балаларды тасада қалдырамыз, елеусіз. Үйде ата-ана қарама-са, мектепте мұғалімге күш түседі, рас. Не істемек керек? Мендегі мыңның ішіндегі бір идея, смартфоннан, оның ішіндегі, сыртындағы аласапырандардан құтқару керек баланы. Сондықтан «Оқуға құштар мектеп» жобасын тек үздік оқушылармен ғана көрсетіп, көзбояушылық фотомен елді алдамай, мектептің 100% баласын қамтуға тырысайық. Ол мүмкін емес дегендерге ұсынған формуламыз бар. Баланың жүрегі жұмсақ, көңілі кіршіксіз болу керек.

Осы тақырыпты қозғап қалсақ, көбінің пікірі «бұрында мектептегі баланың тәртібі жақсы еді» дегенге алып келеді. Оның бірнеше себебін айта аламыз. Мектептерде кілен ер мұғалімдер сабақ берген. Ал қазір мектептерде ары кетсе 5-10 % ер мұғалім бар. Үйінде де, мектебінде де тек әйелдердің қасында жүрген балаға ер адамның айыны жеткіліксіз болып тұрады. Үйінде «әкен отыр», мектебінде «ағай келе жатыр» деген сөздің өзі-ақ оқушыға салмақтылық дарытар еді, – дейді ұстаз Ерженіс Әбді.

Біз де осы мәселенің себебін бірнеше бөлікке бөліп қарастырып көрсек, бірінші, көзбояушылық – мектептегі тәрбиенің көрсеткішін анықтауда жазылған қағазға сүйену. Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасарының

# Сырдың саңлақ Сахитжаны

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне орай белгілі журналист Сахитжан Бермағанбетовті еске түсіруге арналған шағын футболдан облыстық турнир өтті. Шараға БАҚ өкілдерінен құралған алты команда қатысты.



Жарыстың ашылу салтанатында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов аймақ журналистикасына өз өрнегін қалдырған абыройлы азаматтың есімі жерлестерінің жүрегінен өшпейтінін атап өтті.

Қарымды қалам иесі студент кезінен бастап қалалық қоғамдық телеарнасында редактор, хабарлардың авторы мен жүргізушісі болды. Мұнан кейін "Қазақстан-Қызылорда" телеарнасында редактор қызметін атқарып, осы арнаын "Түйін" ақпараттық саптау бағдарламасын жүргізді.

Өмірінің кейінгі жылдарында облыс әкімінің баспасөз хатшысы,

баспасөз орталығының жетекшісі болды. Өзінің өткір тілімен, батылдығымен ұшқыр ойлы журналист екенін көрсетті. Облыстық республикалық деңгейдегі телебайқаулардың жеңімпазы атанды.

Турнирдің ашылу салтанатына Сахитжанның анасы Меруерт апа

қатысып, жарысты ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізді.

Спорттық шарада I орынды «Меншікті тілшілер» командасы иеленсе, «Сыр медиа» II орынға, «Qyzylorda TV» III орынға тұрақтады.

«АЖ» ақпарат

## Мемлекеттік қызметшінің әдебі

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті.

Сондықтан бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлқы мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін қалыптастырады. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметші үнемі өзіне мынадай сұрақтарды қоюы керек: Мен өз әріптестеріме және азаматтарға әділетті әрі адал қарым-қатынас жасаймын ба? Мен әдептік құқық бұзушылықтарға төзбеушілік және парасаттылық қағидаттарын қаншалықты сақтаймын? Мен қоғамның биік сенімін ақтау үшін қандай болуым керек?

Мемлекеттік қызметші азаматтардың мүдделерін бәрінен жоғары қоюы керек және жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде: әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға және басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде: меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке баына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиіс. Әрбір адамның жағымды бейнесі оның тек кәсіби қасиеттерімен ғана шектелмейді.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің басты міндеттерінің бірі – қызметкердің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының оңды болуын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмаудың алдын алу жұмыстарын тым кезде заң бұзушылықтарға жол бермеу болып саналады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерге әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызметшінің қарапайымдылық, сыйпайы бейнесіне сай келмейтін өрескел суреттер орналастыруға тиым салынады.

Қорыта келе, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмауы. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып, өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмей, үлгілі мінез-құлқы-ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі. Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мұлткізсіз орындау әрбір қызметкердің қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті.

### Ә.Ш. ҚҰЛЖАНОВА,

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Кадр және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілі



# Мектеп куәлігінің қыр-сыры

Мектептегі 11 жылдық білімнің тәмамдалғанын қолыңа аттестат алғанда ұғынасың. Биыл 3,8 млн-нан астам оқушы оқу жылын аяқтады. 186 мың түлек 11 сыныпты тәмамдаса, оның 7,8 мыңы алтын белгі иегері. Аттестат табыстау рәсімі маусым айының 12-14 күндері деп белгіленген еді. Бұл куәлікті маңызды деп жатамыз, дегенмен аттестаттың мектептен кейінгі өмірге әсері бар ма? Қызыл және көк болып екіге бөлінетін аттестаттың айырмашылықтарын және ерекшеліктерін білесіз бе?

рәсімі өтті. Іші толы 5, яғни қызыл түсті. Оны алу үшін барлық сабағымды жақсы оқып, үздік нәтиже көрсетуге тырыстым. Оқуды 11-сыныпқа дейін жалғастырғым келеді, әзірге болашақ мамандығымды ойластырып жүрмін. Ол кезде де алатын аттестаттың түсі қызыл болады деп сенемін, себебі оқуға түсерде маған берер пайдасы мол, – дейді 9-сынып оқушысы Сезім Әскербек.

Емтиханнан көз ашпай, онсызда қысым мен стресс үстіндегі оқушы аттестаттың ішіндегі баға мен сыртындағы түсіне алаңдауы керек пе? Осы ойды жоққа шығарып, аттестаттың алып бара жатқан пәрмені жоқ деп есептейтін де оқушы аз емес, соның бірі біздің келесі оқырманымыз.

– Менің ойымша, қызыл аттестаттың оқуға түскенге дейін де, одан кейін де пайдасы жоқ. Қазір түлектер үшін ҰБТ-дан алған ұпай маңызды, ал аттестат кейбірмізге ғана көмектесері анық.

Аттестатты алу үшін алдымен мемлекеттік емтихан тапсырдық. Бірақ аттестатқа түсетін баға оған ғана қарап қалмайды. Тоқсан бойы алған бағаларыңның арасында «3», «4» болса көк аттестат аламыз.

Шынымды айтсам, 11-ші сынып басталғалы назарымыздың бәрі болашақ мамандық пен

оқуға түсу жолдарында болды. Емтиханнан көз ашпай, күні-түні қосымша курсқа қатысып, білімімізді шындап та, сынап та көрдік. Ал аттестат бағасы мүлде алаңдатпады. Әрине, сабаққа мұқият болдық, аттестатым 4-5 деген бағаға толы. Бірақ, байқағаным, қызылды көздегендер аз болды. Себебі ол фокус қоятын дүние емес еді. Яғни тек оқуға түсерде аз балл алып қалсақ қана көмегің тигізгер деген үміт болды. Қазір ҰБТ-ны да, мемлекеттік емтиханды да сәтті тапсырған соң, 11 жылдық білімнің ақталғанын сезіндік. Иықтан ауыр жүк түскендей, студенттік өмірге дайындалудамыз, – дейді биылғы түлек Динар Ғабиденұлы.

Аталған аттестаттардан бөлек, «Алтын белгі» медалі бар. Оны алу үшін де жас түлектер аз тер төкпейді. Бірақ кейінгі жылдары бұл белгіні иемденгендердің біліміне сенімсіздік туындауда. ҰБТ-дан алған 70 ұпаймен «алтын белгі» иесі болып жүргендер баршылық екен. Ал мынадай нәтижемен бұл белгінің иесі болу білім беру саласының қызметіне сызат түскенін білдіре ме?

«Алтын белгіні» алатын оқушы міндетті түрде мектеп жылдарында озық оймен, ақыл-парасатымен, білімділігімен көзге көрінуі тиіс. Білім беру мекемесіндегі мұғалім тек кейінгі жылдары ғана «үздік болуға қызыққанның» жеудесіне белгіні таға салмауы тиіс. Оқушыны әу бастан осыған дайындап, «алтын белгіге»

лайықты етуге тырысу керек.

– 11 жыл бойы оқу ордасында үздік болғаным үшін лицей мұғалімдері «алтын белгіге» ұсынды. Белгіні қорғау үшін 5 пәннен емтихан тапсырдым. Тест қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы, алгебра және биология пәнінен құралды. Алгебра және қазақ тілі пәнінен емтихан жұмысын комиссия мүшелері тексерді. Барлық пәннен үздік нәтиже көрсетіп, алтын белгіге қол жеткіздім деп ойлаймын. Тек емтиханнан жақсы баға алып қоймай, белгіге лайық екеніме ҰБТ-дан алған ұпайым дәлел бола алады. Үздіксіз дайындалып, тынымсыз еңбектің арқасында 118 ұпайды еншіледім, – дейді биылғы «Алтын белгі» иесі Бибарыс Кәдірбай.

Иә, атап өткен қызыл мен көк аттестаттың, «алтын белгінің» рөлі әрбір оқушы үшін маңызды. Бұл – шәкіртті үздік болуға машықтап қана қоймай, жоғары нәтиже көрсетуге ынталандыратын сый. Оқуға түскеннен кейін аса маңызды болмаса да, оқушыға аз да болса үміт сыйлайтынын есте сақтаған абзал.

«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, білімнің мықтысы, озық ойлысы ғана алатын қызыл аттестат пен «алтын белгіні» оңай олжалауға болмайды. Бұл салғырттық еліміздің білім саласына, болашақ мамандардың сапасыздығына әкеліп соғатынын есте сақтайық.

Нұршат НЫШАНОВА

Жалпы аттестаттың басты мақсаты – 9 және 11 жылғы білімнің нәтижесін көрсету. Оқуға түсер алдында қажет маңызды куәлік. Көк аттестат – он бір жыл бойы алған білімнің дәрежесі әртүрлі болғанда, яғни «3», «4», «5» секілді баға алып жүрген оқушы иемденетін құжаттың түсі.

Қызыл аттестат – 10-11-сынып аралығында шыққан қорытынды бағалар 5 болса, не болмаса «Алтын белгі» иегері атанатын болса берілетін құжат. Бұл аттестат оқуға түсер кезінде өзі рөлін атқарады. Сізбен бәсекелес болып, тең түсіп тұрған оқушыдан ілгері болуға көмектеседі. Алайда кейін одан келер пайда аз.

– 9-сыныпты тәмамдадым. Аттестат алу

Бүгінде IT саланы таңдағандардың көбі Қызылордада оқуды мақсат етеді. Басты себеп – республикада алғаш рет жасанды интеллект және деректерді басқару жөніндегі мамандар Сыр елінде даярланады. Тіпті алдағы уақытта көршілес мемлекеттің жастары да білім алуға арнайы келуі мүмкін.

2025 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері қос диплом бағдарламасы бойынша білім алатын болды. Екінші оқу орны – Сеул Ұлттық

Ғылым және технологиялар университеті (Сеул Тех).

Мұндай мүмкіндікке 12 маусым күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Оңтүстік Корея Президенті Юн Сок Ёльдің қатысуымен Қазақстан-корей бизнес-форумы аясында Астанада өткен университеттер арасындағы келісім кезінде қол жеткізілді.

Жасанды интеллект мамандарын даярлау бағытындағы жұмыс қалай басталды, қазір қандай шаралар атқарылуда? Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында университеттің басқарма-төрағасы – ректоры Бейбітқұл Кәрімова толығырақ айтты.

– Қызылордада өмір сүрген Кореяның ұлттық батыры, генерал Хон Бом Доның сүйегі 2021 жылы тарихи отанына қайтарылған болатын. Сол кезде арнайы келген Корея Республикасы Парламентінің депутаты, Хон Бом До қорының директоры У Вон Сикпен келіссөздер аясында университетте жасанды интеллект бағытын дамытсақ деген ниет білдірдік. Делегация Оңтүстік Кореяға барғасын Парламентте осы сұрақты қарап, Парламенттің қолдауымен «Халықаралық ынтымақтас-тық жөніндегі жетекші университеттік жо б а»

(LUPIC) мақұлданды. 2023 жылы басталған бағдарлама 7 жыл бойы жүргізіледі және толығымен Оңтүстік Корея тарапынан қаржыландырылады, – деді Бейбітқұл Сәрсемханқызы.

2023 жылдың мамыр айында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Сеулге сапары барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын құру мүмкіндігі туралы келіссөздер өтті.

Нәтижесінде өткен жылдың қараша айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды.

## Талапкерлерге 4 мамандық ұсынылады

Ал жуырда университетте Жасанды интеллект институты құрылды. Мұнда қыркүйектен бастап IT сала бойынша еліміздегі ең үздік мамандар білім алақ.

Биылғы талапкерлер «Киберқауіпсіздік», «Бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз ету», «Ақпараттық жүйелер» және «Информатика» саласы бойынша бірлескен білім беру бағдарламаларының бірін таңдай алады. Оған жасанды интеллект және Big Data пәндері кіреді.

Сондай-ақ, студенттерге Оңтүстік Кореядан келген профессорлар дәріс өткізеді.

Ал талапкерлерді қос диплом бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау 2025-2026 оқу жылынан басталады. Бағдарламаны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебіне түскен студенттер пайдалана алады.

Биыл сәуір айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Оңтүстік Кореядағы Сеултехке іс-сапармен барды. Онда білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту және қос диплом бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Корея Республикасы Президенті Юн Сок

Ёльдің елімізге мемлекеттік сапары аясында инвестициялар, бизнес, ғылым және білім беру саласында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Осы іс-шаралар шеңберінде Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасында «AI architect», «Data management» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат деңгейінде кадрлар даярлау туралы екіжақты келісімге қол қойылды.

Келісім аясында студенттер Қазақстанда 4 семестр оқиды, келесі 4 семестрдегі оқуын Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінде жалғастырады. Нәтижесінде студенттер екі елдің де дипломына ие болады.

Бұл бастама инновациялық жобалардың жарыққа шығуына, ғылым саласының дамуына, тіпті болашақта мектеп мұғалімдерінің кәсіби білімін жетілдіруіне мүмкіндік бермек.

Қос дипломдық бағдарлама бойынша оқудың негізгі талаптарының бірі – ағылшын тілін білу, яғни IELTS көрсеткіші 6,0-ден төмен болмауы қажет.

Талапкерлерді алдын ала іріктеу кезеңі 2025 жылдың наурыз айынан бастап жүргізіледі.

Әзірге бұл бағдарлама арқылы 100 маман даярланады деп күтілуде.

## Мектеп бітірушілерге арналған AI URPAQ байқауы жалғасуда

Университет жасанды интеллект институтында оқығысы келетін биылғы жас түлектер үшін республикалық байқау ұйымдастыруда. 3 жеңімпазға университет гранты беріледі. Сондай-ақ, олар жасанды интеллект саласы бойынша қалаған мамандықта оқи алады. Бұл туралы брифингте Жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмырзаев хабарлады.

Осы жылы мектеп бітірген түлек ұлттық бірінші тестілеуде бейіндік пән ретінде «математика-информатика» бағытын таңдаған болса, аталған байқауға қатыса алады. Ең бастысы ҰБТ-дан кем дегенде 50 балл жинауы қажет.

- Байқау шарттарына тоқталсақ:
1. Тіркелу: [www.kyzylordahub.kz/](http://www.kyzylordahub.kz/) сайтына өтіп, онлайн-форманы толтырады.
  2. Бірінші кезең: Әлеуметтік желілерде reels жариялайды.
  3. Екінші кезең: Білім деңгейін анықтау, ағылшын тілінен жазбаша тест тапсырады. Тест онлайн режимде «Google Forms» платформасында өткізіледі.
  4. Үшінші кезең: «AI – Idea battle» жобалар конкурсы. Екінші кезеңнен сәтті өткен қатысушылар «AI – Idea battle» форматында идеяларын ұсынуға шақырылады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА







# GAMEDEV

## КРЕАТИВТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОЙЫН ӘЛЕМІ

**Геймдев немесе ойын әзірлеу индустриясы кейінгі жылдары ерекше дамып, сұранысы артқан бағыттардың біріне айналып үлгірді. Қазір gamedev тек ойын-сауық ғана емес, креативті өнер, технологиялық инновация және іскерлік сала ретінде де қарастырылады.**

Бұл туралы азды-көпті мәлімет білу үшін GameLab ойын әзірлеу зертханасының маманы, UMAI Gaming қыздар тобының мүшесі Назым Жұмабаевамен сұхбаттастық. Жерлесіміз қаладағы №15 мектеп-лицейдің түлегі, Қазақстан-Британ техникалық университетінде ақпараттық технологиялар факультетін тәмамдаған. IT салада білімін шыңдау мақсатында ҚБТУ университетінде магистратурада оқып жатыр.

**– Бүгінде GameLab ойын әзірлеу зертханасында кіші ғылыми маман ретінде жұмыс істейсіз. Жұмыс процесі туралы толық айтып берсеңіз.**

– Иә, қазір мен GameLab құрамында кіші ғылыми қызметкермін. Жұмысым ойын және геймификацияны зерттеумен байланысты. Зертханада ойын жасаумен байланысты түрлі іс-шаралар, лекция, хакатон ұйымдастырамыз. Ал менторинг бағдарламасында зертхана маманы ретінде студенттерге ойын жобаларын әзірлеуге көмектесемін.

Осы жылы өзімнің алғашқы ғылыми мақаламды жаздым. Сол мақала аясында геймификацияның оқу процесіне қалай әсер ететінін зерттедік. Сондай-ақ түрлі оқу бағдарламаларын жасаймыз. Мәселен соңғы оқу бағдарламаларының бірі – ЮНИСЕФ Балалар Қорымен бірге әзірленген «сандық қоғамдық игіліктер жасау» бойынша онлайн курс, ойын және квесттен тұратын DPG Lab бағдарламасы. Осы жобадан мен квестке жауапты болдым.

**– IT саласына қалай және қашан келдіңіз? Неге GameDev?**

– Менің оқиған қызық көрінуі мүмкін. IT саласына университетке түскеннен кейін қызыға бастадым. Студенттік кезеңнің екі жылында бағдарламалау, математика секілді жалпы пәндерді оқыдық.

Кейін 3-курста таңдау пәндері басталды. Осылайша өзіме ұнайтын әрі қызықты салаларды қарастыра бастадым. Таңдауым компьютерлік графика және ойын әзірлеумен байланысты пәндерге түсті.

Дәл сол кезде университет жанынан GameLab ойын әзірлеу зертханасы ашылды. Олар ойын жасау бойынша жазғы мектеп ұйымдастырды. Өрине, мен бұл мүмкіндікті пайдаланып, жазғы мектепке қатыстым. SpagoSoft, Garena, Wargaming компанияларынан, Абертей университетінен ойын саласындағы эксперттерден дәріс алдым, ойын ойлап табу, концептілеу және әзірлеу туралы воркшоптардан қалмадым. Осылайша жазғы мектептің арқасында геймдевен жақын танысып, осы салада білікті маман ретінде қалыптасқым келетінін түсіндім.

– Алғашқы тәжірибе туралы сөз қозғасак. Ал

**Ең сәтті жүзеге асқан жобаныз қандай?**

– 1-курста бағдарламалау пәнінде Python тілін меңгердік. Пән аясында ойын жасауға тапсырма берілді. Сол кезде барлығына таныс «змейканы» әзірледім. Алғашқы тәжірибемді осылайша тапсырма барысында жасадым.

Қазір UMAI Gaming-пен бірге түркі мифологиясы туралы казак стиліндегі «Iz» ойынын әзірлеудеміз. Қазір Steam халықаралық платформасында ойынның жеке парақшасы бар. Платформадан оны ағылшынша «Iz» деп табуға болады. Осы жылдың соңында ойынның бірінші бөлімін шығарамыз деп жоспарлап отырмыз. Бұл жоба қазақстандық және халықаралық іс-шараларда таныстырылды. Осы ойын арқылы қазақ мәдениетін әлемге танытсақ дейміз.

Ойын оқиғасы 15 ғасырдағы казак далаларында орын алады. Баян есімді бағыр қыз туралы. Ол ұрпақтың қақпанына түскен сіңлісін құтқаруы керек. Баян өз жолында казак/түркі миф, аңыз, ертегілеріндегі түрлі кейіпкерлермен әрекеттеседі. Біреуі дос, біреуі қас болады. Дұшпандардан шаңқобыз аспабының көмегімен күреседі. Себебі ертеде шаңқобыз ұрлымдарды қорқытады деп сенген. Осындай сюжет арқылы біз ойыншыны казак мифологиясы, мәдениетімен таныстырамыз.

**– Жас мамандарға немесе бұл салаға енді қадам басып жатқандарға қандай кеңес бересіз?**

– Теориямен қатар практиканы қатар алып жүру қажет. Яғни, барлығына атсалысып көре білу және көріне білу керек. Ал нақты ойын жасағыңыз келсе, көбірек ойын ойнаңыз. Бұл әзіл емес. Осы жерге орыс тіліндегі «насмотренность» деген сөз күшті келеді. Көбірек білсеңіз, кейбір сәттерде өзіңізге әлдеқайда оңай болады.

**– Ойын әзірлеуші ең алдымен нені білуі қажет?**

– Өнімді әзірлеп, оны шығару үшін көп нәрсе керек. Код жазу, сюжет ойлап табу, сурет салу, музыка жасау, дизайн істеу, ойындан сата білу, анализ жасау, келісе білу. Тізбектеп айта берсек, өте көп. Өз бетіңізше жасайтын болсаңыз, осының бәрін білу керек. Ал топта жасайтын болсаңыз, сіз тек бірнеше нақты бөлімдерге ғана жауапты боласыз, бірақ оған қоса топта жұмыс істеу қабілетіңіз болу қажет.

**– Сіздің ойыңызша Қазақстандағы ойындардың болашағы қандай?**

– Қазақстандық геймдев даму жолының басында десек болады. Облыстарда әртүрлі геймдев орталықтары мен зертханалар ашылып, университеттерде ойын жасау бойынша жаңадан пәндер қосылуда. Жыл сайын геймджемдер, ойын жасау бойынша хакатондар ұйымдастырылуда. Ең қуантарлығы, адамдардың қызығушылығы артауда. Мысалы, GameLab-та 8 студенттік топ өз ойындарын жасап жүр.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Басы 1-бетте

# ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР: АРАЛДЫ ҚҰТҚАРА АЛА МА?

**– Бұл бастама барысында облыс басшылығымен байланыса алдыңыз ба? 4 метеостанция қажет деп едіңіз...**

– Өзірге мәселе шешілмеді. Облыс басшылығына ұсынысымызды айтып, байланысқа шықтық. Басшылық тарапынан алдағы уақытта көмек көрсетілетініне сенеміз. Біз үмітімізді өшірмейміз. Себебі Арал қазақ үшін, ел мен жер үшін маңызды аймақ.

**– Жасанды жаңбыр жобасы тек Арал теңізінің аумағына орналастырылады ма? Жалпы Қызылорда құрғақшылыққа бейім аймақ. Облыс көлеміне орнатуға болады ма?**

– Маңғыстау (Бейнеу), Қызылорда, Арал аудандарында климатқа әсер ету жағдайын жасаймыз. Атмосфера статикалық емес, сол себепті технология әсері Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе, Жезқазған, Түркістан облыстарында және Қарақалпақстанда байқалады.

Бұл аймақтың барлығында температура деңгейі жоғарылап, құрғақшылық пен дала өрттері туралы ТЖМ дабыл қағып отыр. Біз мұны болдырмаймыз. Перифериялық облыстарда жауын 30-50%-ға дейін көтеріліп, температура мен өрт қауіпінің деңгейі түседі.

**– Аралдың дәл бүгінгідей жағдайға жетуіне не себеп? Әлемдік экологияға Аралдың тартылуы қалай әсер етуде?**

– Бұл жөнінде мағлұмат өте көп. Бірақ бір нәрсені түсінуіміз қажет. Қазір Аралдың табанын сумен баспасақ, геометриялық прогрессияда регрессия болады. Неміс ғалымдары Аралдан тұзданған құмды шығару кейінгі жылдары 7%-ға артқанын айтты. Бұл қорқынышты сан, бұл – сигнал.

**– Президент 2025 жылға дейін Арал теңізінің құрғаған түбіне 1,1 млн гектар сексеуіл отырғызу міндетін қойған болатын. Бұл бастама қаншалықты тиімді?**

– Сексеуіл 9-10 жыл тамыр арқылы суындайды. Ал Аралда су жоқ. Одан кейін атмосферадан... Әрі қарай түсінікті деп ойлаймын.


**– Жоғарыда басшылықтың көмегі туралы айттық. Қаржы мәселесі қалай шешілуде? Бұл технологияларды жүзеге асыру үшін кім қаржыландырады?**

– Жалпы бұл жоба туралы әртүрлі есіктерді қағып жүргенімізге бірнеше жыл болды. Оң нәтиже болмаған соң осылай жария студі жөн көрдік. Өйткені үкімет оның тиімділігіне қарамастан өткізе бермейді. Өзірге сыртқы қаржылық қолдаусыз бастап жатырмыз. Әрі қарай үкімет пен бизнес қолға алады деп ойлаймыз. Себебі бұл елдің су қауіпсіздігін шешетін жалғыз жол.



# ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚПЕН

КҮРЕСТЕ ҚАНДАЙ ӘДІСТЕР ҰСЫНЫЛДЫ?



**Келесі жиырма бес жылда әлем халқының 75%-ын қуаңшылық жайлауы мүмкін. Бұл – ауыл шаруашылығы мен экожүйеге ауыр соққы беретін табиғаттың қатаң сынағы.**



Әлемде жылына 100 миллион гектар жер тозып қурайтын көрінеді. Мұндай мәселенің негізгі себептерінің бірі – климаттың өзгеруі. Ғылыми зерттеулерге қарап, жаһандық жылынудың кері әсерін байқауға болады. Өріптесіміз Ернат Мелсулының мәліметінше, ең ірі алыпсін шырынын экспорттаушы Бразилияның апельсин алқаптарына қауіп төніп тұр. Бұл климаттың өзгеруінен туындаған аптап ыстық пен құрғақшылықтың салдары. Мамандар мұндай ауыртпалық кейінгі 14 жылда алғаш тіркелгенін айтады.

2019 жылы ғалымдар қатердің алдын алу үшін жер шарын жасанды жолмен суыту тәсілдерін қарастырды. Environmental Research Letters басылымы күн сәулесінің жер шарына түсуін азайту керектігін жазған еді. Осы ұсыныс аясында 20 шақырым биіктікке сульфаттар қоспасын шашу қарастырылған. Сол жылдары ғалымдар мұндай үлкен көлемдегі химиялық қоспаларды шашатын ұшақ әзірге жасалмағанын, тек 15 жылдан кейін жүзеге асыруға болатынын айтқан. Бұл шамамен 2034 жылдары болуы мүмкін. Оған кететін шығын 3,5 миллиард доллар көлемінде есептелді.

Сондай-ақ ұсынылған жобалардың арасында мұхит суына темір ионын қосу қарастырылған еді. Мұндайда фотосинтез процесі реттеліп, содан кейін атмосферадағы көмірқышқыл газы үнемі мұхитқа сіңіп отырады. Ғалымдар осылай ауадағы парниктік газдарды азайтуды көздеген болатын. Бұл әлем бойынша қарастырылған мүмкіндіктер, ал Қазақстандағы жағдай ше?

Шырын экспорттау қауіп төнбесе де, қуаңшылық бізді айналып өтпеді. Қазақстанның кей аймақтарында жауын-шашынның азаюы мен температураның шектен тыс көтерілу жағдайлары жиі болады. Антропогендік факторлар да қуаңшылықтың өршуіне

ықпал етеді. Ормандардың кесілуі, су ресурстарын тиімсіз пайдалану, ауыл шаруашылығында суды көп қажет ететін дақылдарды өсіру сияқты факторлар табиғи су айналымын бұзады. Биыл елде құрғақшылық болады деген болжам бар. «Ұлттық аграрлық ғылыми орталығының» тәуелсіз директоры, сарапшы Кирилл Павлов америкалық мұхитты зерттейтін қызметтің зерттеулеріне сүйеніп, осындай тұжырымдама жасаған.

Осыдан 3 жыл бұрын Маңғыстауда құрғақшылық басым болды. Жаңбыр мен қардың уақытылы жауауы ауыл шаруашылығына айтарлықтай залал әкелді. Кейін ғалымдар жасанды жаңбыр әдісін қолға алуды шешкен, бірақ жоспар жүзеге аспаған еді. Алайда шикіліктер мен олықықтардың орны толығып, кей аймақтарда қолдан жаңбыр жауды. Мәселен, былтыр Түркістанда жазда жауамаған жауын жауды. Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін халықаралық климат өзгерту технологиялары мекемесінің мамандары Шымкент индустриялық аймағына жасанды жаңбыр жауғызуды құрылғыларын орнатқан. Мамандардың айтуынша, атмосфераға теріс зарядты иондарды жіберіп, ашық аспанға будақ бұлттарды жинауға болады. Нәтижесінде жаңбырды қажетті мөлшерде жауғызып, климатты реттеуге мүмкіндік туады. Осылайша Маңғыстауда да, Түркістанда да жауын жауды.

Жалпы алғанда бұл ғылыми жаңалық емес. Себебі бұған дейін де қолдан жаңбыр жасау практикада бар тәсіл. Мәселен, Біріккен Араб Әмірліктері өткен ғасырдың 40-жылдарында бұлт себу бойынша эксперименттер жүргізіп, жауын-шашынды жасанды түрде көбейту жөніндегі ғылыми зерттеу бағдарламасын ашқан. Сондай-ақ Қытай егінді қорғау үшін осы әдісті қолданған көрінеді.



# ҰБТ:

## ҮЗДІКТЕР ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛДЫ?

Елімізде дәл қазір негізгі ҰБТ жүріп жатыр. Өзірге тестілеудің барлық 140 сұрағына толық жауап берген талапкер кездеспеді.

Бүгінде облыс бойынша ең жоғарғы 136 балды жинаған екі үміткер бар. Олар – Қармақшы ауданындағы №121 мектептің түлегі Мақсат Қуанышбек пен Жаңақорған ауданындағы №54 мектептің түлегі Аружан Шазап.

Үздіктер болашақта кім болғысы келеді, білім бөкесіне қалай дайындалды? Олардың кеңесі келесі жылғы үміткерлерге де пайдалы болар. Сондықтан талантты талапкерлердің өзімен тілдестік.



### Үздіксіз дайындықтың нәтижесі

Жоғарғы нәтижеге қол жеткізген Мақсат дайындықты бытырғы жазда бастапты.

– Информатика-математика пәндерін таңдап, бағдарламашы болуға ниет еттім. Ақпараттық технологиялардың өзі бірнеше салаға бөлінеді, бірақ оның ішінде қай бағытта оқитынымды әлі нақтыламадым. Алматы қаласындағы Қазақстан-Британ техникалық университеті немесе Сүлеймен Демирел атындағы университетке түсуді көздеп отырмын.

Өткен жылдың тамыз айынан бастап тынғылықты түрде жеке дайындықты бастап кеттім. «Juz40» онлайн білім беру орталығының курстарын алып, жоспарлы түрде тынбай білімді жетілдірдім.

Ең алғаш 11-сыныпта тест тапсырғанда 70 балл алғаным бар. Кейін курсқа қатысып, дайындалған соң бақылау тесттеріндегі көрсеткішім бірте-бірте жақсара түсті. Алғашқыда 100 балл жинаған қатарластарымды көргенде, «бұған жету мүмкін емес-ау» деп ойлайтынмын. Дегенмен қантар мен наурыздағы ҰБТ-да 125 балл жинадым. Маған осыған дейінгі бақылау тесттері күрделі де, «нағыз ҰБТ» онай секілді көрінді, – деді ол.

Мақсаттың айтуынша курсты алу бөлек те, тұрақты дайындалу басқа. Себебі көптеген ата-ана балаларын қатарынан қалдырмай, ақылы сабақтарды алып бергенімен, оқушы ден қойып оқымаса, жақсы нәтижеге жету онай емес.



### Болашақ мұғалім

Ал педагог болуды мақсат еткен Аружан Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқысам дейді. Ол ҰБТ-да қазақ тілі – қазақ әдебиеті пәндерін таңдаған.

– Үздік болудың ешқандай сыры жоқ. Тек үзбей дайындалу керек. Жапон халқында «біреу жасағанды мен де жасай алам, ал істей алмаса, оны істеген алғашқы адам мен болам» деген сөз бар ғой. Менің де ұстанымым – осы. Бір адамның қолынан келсе, демек менің де қолымнан келеді деген сөз. Сондықтан өзіңді басқалармен салыстыра бергенше, алға қарай талпынған дұрыс.

Дайындық барысында «Juz40» онлайн білім беру орталығының курсына қатыстым. Екінші ҰБТ-ға әлі де дайындық үстіндемін.

Ал тарих секілді пәндер бойынша тек мектеп оқулықтарын қайталадым. Осыған дейінгі қаңтар мен наурыздағы ҰБТ-да 130-дан жоғары балл жинаған едім, – деді ол.

PS 2024 жылғы ҰБТ-ға 186 мыңға жуық талапкерден екі мүмкіндікті есепке алғанда 342 мыңға жуық өтініш қабылданды. Бұл жайында Ұлттық тестілеу орталығынан хабарланды.


Оның ішінде тест тапсырушылардың 75%-ы – қазақ тілінде, 25% -ы – орыс тілінде, 229 адам – ағылшын тілінде ҰБТ-ға қатысуға өтініш білдірді.

Грантка үміткерлерге ҰБТ-ны тапсыруға екі мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте әр талапкер тестілеуді екі рет тапсырып, ең жақсы нәтижемен грант конкурсына қатыса алады.

Айта кету керек, негізгі ҰБТ нәтижесі бойынша талапкерлерден грантка құжат қабылдау 13 шілдеде басталады.

Айдана ЖУМАДИНОВА



# «СЕРГЕК»

## СЕРГЕЛДЕНГЕ САЛМАСЫН ДЕСЕК...

рәсімделгенге дейін оны пилоттық жоба ретінде екіжақты меморандум арқылы осы жылдың 1 тамызына дейін

Жылдамдық шегін 60 км/сағ және одан асырған жүргізушіге 40 АЕК (2024 жылы 147 680 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Бұл қазіргі заңнама бойынша. Ал екінші рет қайталанатын болса, 60 АЕК-ге дейін ұлғаяды деген ұсыныс Мәжілісте талқыға салынған болатын.

Көпшілік жолдардың жағдайы мәз емес кезде қалай бейнебақылау орнатуға қаражат бөледі деп наразылығын танытып та жатады. Халықтың пікірі орынды-ақ, әйтсе де оны естуші құлақ бар ма? Жөнделмеген шұрық-тесік, қақпағы ашық қалған люк кесірінен жылына бірнеше жол апаты орын алады. Ал тұрмысы бір қалыпты, кез келген айыппұлды төлеуге қауқары бар «байлар» ше?

Олар елден ерекшеленіп, заң бұзып, артынан айыппұлдың өтеп, кейіннен «айыппұл өтей саламын» деп, қайта-қайта жазадан сытылып кете бермек пе? Бұл сауалдың да уақыт енісінде жауапсыз қала беретіндігі қамықтырады.

Қош, қауіпсіздіктің қамын күйттеген қызметкер мен мемлекетті жазыра берудің де реті жоқ. Не десек те, тәртіпбұзушылыққа да тұсау болмай тұр. Өткен жылы 15 мыңнан астам жол көлік оқиғасы болып, одан 22 мыңнан астам адам зардап шекті, ал 3 мыңнан астам адам өмірмен қош айтысты.

– Талдау көрсеткендей, көлік оқиғаларының басты себебі жылдамдықты арттыру, қарсы бағытқа шығу, автокөлікті мас күйде басқару. Полиция департаментімен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында оңды шаралар қолға алынып отыр.

Жолда жүру ережесін бұзудың 47 мыңнан аса дерегі анықталса, оның 20 958-і жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылықтар. Жүргізушілер арасында көлік құралын масан күйде басқару дерегі әлі күнге дейін азаймауда. Есепті мерзімде 150 азаматтың мас күйінде көлік жүргізгені анықталып, тиісті шаралар қабылданды, – деді Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Махсұдхан Нұғманұлы халық алдында берген есебінде.

Мұның бәрі заңға бағынбау мен жол ережелерін сақтамағандықтан орын алған жайт. Мемлекеттің де, қауіпсіздік органдарының да қалайтыны жолдағы ережені сақтау.

Камераларды орнату, олардың санының көбеюі де осыған байланысты. Дегенмен бейнебақылау камералары мінсіз қызмет атқарады деу қиын. Себебі, қалада қанша камера орнатылғанымен, жол көлік апаты бола қалса, «өз арамьзда шешейік» деушілер көп. Сондағы айтатын себебі: «айыппұлды өтеу – екі көлікті жөндетуден де қымбат». Ал осы тұста бақылау камераларының атқаратын қызметі қайда қалды? Көгер көзге заңсыз әрекеттерге тосқауыл қойылмай ма? Жауапсыз қалған сұрақтар қатарына тағы бір сауал. Сондай-ақ камера орнатылғаннан соң, 1-2 айдан кейін барып бейнебақылау камерасының орнатылғанын ескертетін жол белгісі қондырылады екен. Бұл да жүргізушілерді әуресарсаңға салып, айыппұл арқалайды.

Не десек те, озық технология титтей де болсын қасіретке толы қайғының орын алмауына, азайыуына септігін тигізеді деген үмітпен орнатылуға. Өрине, мұны естір құлақ, ұғынар түйсік болса.

Нұршат НЫШАНОВА

Қызылорда қаласында 100 камера орнату жұмыстары жүргізілуде. Камера объективіне түскен көлік туралы дерек 1 ай, ал ол жолда жүру ережесін бұзған болса, бұл ақпарат базада мәтінді сақталады. Негізгі камера 30-80 м қашықтықта ереже бұзушыны анықтайды, мұны жүргізуші байқап та үлгермейді.

Осы жылдың көктем айларында болған су тасқыны кезінде Sergek Group компаниясы өңірдегі жағдайды қадағалауға мүмкіндік берді. Тұрғындар gov.kz сайты арқылы тасқынды камералар арқылы бақылауда ұстады.

– Инфрақұрылым сәулелер кез келген ауа райы жағдайында жұмыс істейді. Қуаты өте жоғары әрі әсер ету индексі де қуатты. Бір құрылыс 10 миллион циклге дейін қызмет етеді. Жарықтандыру диапазонына байланысты қозғалыстың үш жолағын қамти алады, – дейді Sergek Group компаниясының өкілі.

Өткен айда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев нысандарды аралап, демеушілердің

толық іске қосуы керек.

Сонымен бірге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік конкурсының жұмыстарын да 1 тамызға дейін аяқтау міндеттеледі. Барлық аудандағы кіші жедел басқару орталықтарын жөндеуден өткізу және заманауи құрылғылармен қамтамасыз ету мәселесін пысықтап, тиісті ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Жасыратыны жоқ, көпшілік арасында «бейнебақылау камерасын көбейту айыппұл салып, қаржы жинауды көздейді» деген біржақты қате түсінік бар. Алайда біз үшін тұрғындардың қауіпсіздігі аса маңызды, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Камера орнату 2017 жылдан бастап қолға алынды. Бұл жүйені пайдалану нәтижесінде техникалық қызмет көрсету жұмысын отандық «Көркем Телеком» ЖШС қызметкерлері атқарады. Бүгінде Жедел басқару орталығына қарасты 272 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Одан бөлек 20 «Аркан» стационарлық жылдамдық өлшегіші, 5 интеллектуалды қиылыс орнатылған.

Әл-ауқаты нашар халық айлық табысын бала-шағасына жеткізуге қауқары жетпей жатқанда, тосыннан келген шығыннан зығырданы қайнап біткен. Осы тұста олар «Сергек» камерасы көлік жүргізушілеріне айыппұл салып, мемлекеттің қазынасын байытқаннан өзге тірлігі жоқ деп күйінеді.

Расында жағдай солай ма? Мысалы еліміздің мегаполис қалалары, нақтырақ айтсақ, қозғалыстың қайнар көзі – Алматы қаласында «Сергек» бақылау камералары 2023 жылы 1 847 765 заңбұзушылық тіркеген. Оның құны

жүзеге асуы тиіс жоба аясында халық көп орналасқан жерлерде 1400 камера, 19 интеллектуалды қиылыс пен 58 жылдамдық өлшегіші, сондай-ақ 20 Sergek Qorgau мобильді жұмыс орны орнатылатыны туралы мәлімделді. Бұл мобильді қосымшаның көмегімен жол-патрульдік полиция қызметкері планшет арқылы көлік және жүргізушінің барлық дерегіне қол жеткізе алады. Бірнеше рет жол жүру ережесін бұзған жағдайда полиция қызметкері «Қауіпті жүргізуші» статусын 5 минутта анықтап және дереу тұзаққа түсіре алады. Жобалық құжаттар бүгінде саралануда. Бақылау күшейген сайын, заң бұзушылық пен көлік оқиғаларына тосқауыл қойылатыны анық. Бұл жоба осы бір маңызды факторды негізге алады.

– Облыстық полиция департаменті «Сергек» жобасына сәйкес бейнебақылау камераларын орнату бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісімінің заңды құжаттары

– 12 миллиард 878 миллион 922 мың теңге деп есептелінген. Қазақстанда 17 облыс, 90 қала бар. Ал енді есептей беріңіз, жоғарыда атаған баға және ел көлемінде орнатылған 34 мың бейнебақылау камерасының арқасында жүргізушілер мемлекетке жылына қанша теңге айыппұл өндіріп беруді мүмкін?





**Бүгінде еліміздегі жастардың басты мәселесінің бірі – баспана. Жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй бағдарламаларына қарамастан қазіргі тағдалар бойынша елімізде баспанамен қамтамасыз ету әлі де жеткіліксіз деңгейде.**

БҰҰ-ның әлеуметтік стандарты бір адамға 30 шаршы метрге жетсе, ал бұл көрсеткіш елімізде 23,6 шаршы метрден келеді екен. Өңірімізде де баспанаға өтініш берушілер саны жыл санап артып келеді. Енді оған жастар санатындағы азаматтардың жас шегі 14-29 жасқа дейінгі азаматтардың жас шегі 14-29 жасқа өскеннен кейін бүгінгі буынды баспанамен қамту мәселесі бұрынғыдан да күрделене түсті.

Облысымызда бұл мәселелерді оңынан шешуге бағытталған бастамалар жоқ емес. Солардың бірі – «Сыр жастары» бағдарламасы. Жастарға жеңілдетілген ипотекалық несиелер беретін 35 жасқа дейінгі азаматтар қатыса алатын бағдарлама аясында баспаналы болудан үміткерлер былтыр күзде құжаттарын тапсыра бастап еді. Несиелеу мерзімі мен пайыздық мөлшерлемесі, бастапқы жарнасы кейінгі буын өкілдері үшін барынша қолайлы «Сыр жастары» бойынша алғашқы пәтерлер беріле бастады.

Жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен осы бағдарлама аясында Қызылорда қаласының сол жағалауынан салынған 60 пәтерлік тұрғын үйдің кілтін салтанатты табыстау рәсімі өтті.

«Сыр жастары» – аймақ жастарын баспанамен қамту бағытында қолға алынған өңірлік тың жоба. Оны бірлесіп жүзеге асыру үшін «Отбасы банк» АҚ 500 млн тенге қаржы бөлді. Өткен жылы аймақта 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды, 2 400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан аса тұрғын қоныс той тойлады. Быыл да бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд тенгеге 1 269 пәтерлік 67 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліпті. Оның ішінде 350-дей пәтер аудандарға тиесілі. Жыл басынан бері 402 отбасы баспана бақытына кенелді. Бұл – әлеуметтің әл-ауқатын арттырудағы мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі.

Дегенмен баспана мәселесі барлық уақытта өзекті болып қала бермек. Тіпті, осы мәселе жас жұбайлардың ажырасуын да көбейтіп, бойдақтардың үйленуін кейінге шегеріп отыр. Тапқанының жартысын пәтер жалдауға төлеп жүрген жастар үшін баспаналы болу орындалмас арман деп те айтсақ болады. Жастарды тұрғын үймен қамтуға бағытталған мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар мен жобалардың қолжетімділігі мен нәтижелері, тиімділігі

мәселесі бүгін де өзекті болып отыр. Мәселе Парламентте де жиі көтеріліп, республика бойынша түрлі талқылаулар өтуде.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мәліметінше, биыл 32 097 азаматты тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Ал былтыр 22 567 азамат әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етіліпті. Мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған. Республика бойынша «Алматы жастары» бағдарламасына ұқсас 16 аймақтық жеңілдікті несиелендіру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Өңірлік бағдарламалар жергілікті бюджеттен қаржыландыру есебінен жұмыс істейтін жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге және жылдық 5% жеңілдікпен 19 жылға дейінгі мерзімге несиелер беруге бағытталған.

Сондай-ақ, «Отбасы банк» дерегіне, банк 17 өңірде жалпы сомасы 123,1 млрд тенгеге 30 өңірлік бағдарламаны табысты іске асыруда. Оның ішінде 15 өңірде жалпы сомасы 100 млрд тенгеге 18 жастар бағдарламасы, 9 өңірде жалпы сомасы 23,1 млрд тенгеге 12 өңірлік бағдарлама бар.

Бірақ жастарды баспанамен қамту мәселесі бәрібір толық шешімін таппай отыр. Айталық ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің ақпаратынша, жастар жеке санат ретінде тұрғын үй кезегіне тіркелмесе де, өңірлердің болжамды мәліметтеріне сәйкес елімізде шамамен 277 мыңға жуық баспанаға мұқтаж жас бар екен.

«Жастар – қоғамның қозғаушы күші, еліміздің ертеңі» дейміз. Оларға жан-жақты қолдау көрсету мемлекет міндеттерінің басым бағыттарының бірі. Сол жастар елдегі оқиғалардың бел ортасында жүр. Елімізде болып жатқан төтенше жағдайларда төбе көрсететін де, қолдаушылар да жастар. Ал бізде оларға тиісті деңгейде көңіл бөлініп жатыр ма? Бұл ретте ең басты қажеттілік – баспана мәселесінің шешімін таппауы, әлі күнге дейін жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі дұрыс жолға қойылмауы қоғамды бірінші кезекте ойландыруы тиіс мәселе...

Ақмаржан  
АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ

## ҚОҒАМ ДЕРТІНЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР ТОҚТАМАУЫ ТИІС

Мемлекет жарқын болашаққа қадам басуы үшін ол қоғамда сыбайлас жемқорлық түбегейлі болмауы керек. Әрбір салада онымен күрес жүйелі түрде жүргенде ғана біз осы мақсатқа қол жеткізе аламыз.

Осы ретте көбісінде «онымен арнайы күресетін орган бар» деген түсінік қалыптасуы мүмкін. Негізі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті әр адам өзінен бастауы керек. Сол кезде бізге мына қоғамнан оны ысыруға мүмкіндік туады.

Қазақстан – дамуға қадам басқан мемлекет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мемлекет басты саясатына айналдырғаны да сондықтан. Себебі қоғам дерті бар ортада ілгерілеу, өркендеу деген мүлде болмайды. Ал алғіндей мақсатқа қол созған елдің оған түбегейлі қарсы тұруы айтпаса да түсінікті.

Сонғы уақытта сыбайлас жемқорлыққа жол бергендерге қарсы шаралар күшейді. Әлеуметтік желі, ресми ақпарат құралдарына зер салсақ, жер-жерде пара алғандар мен пара бергендердің қылмыс үстінде қолға түсуі, қызметін асыра пайдалану сияқты жағымсыз әрекеттерге барғандар жайында ақпараттар желдей еседі. Бұдан «қазір бізде сыбайлас жемқорлық белең алды» деп ойлауға тағы болмайды. Негізінен мұндай қылмыстар бізде бұрыннан бар-тын. Керісінше қазір онымен күрес күшейді, сондықтан мұндай ақпараттарға қарап алғіндей ой түйудің қажеті жоқ. Тек сабақ алсақ, жеткілікті.

Әрбір азамат сыбайлас жемқорлықпен күресті өзінен бастағаны абзал. Бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық саласында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністерін деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат. Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау, оның алдын алуға байланысты семинарлар, техникалық сабақтар жүйелі түрде өткізіледі.

Сонымен қатар, департаменттің Әлеп жөніндегі уәкілі қызметкерлерге тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес өзекті мәселелердің бірі.

Сыбайластық, жемқорлықпен ешкім ешқайда бара амайды. Себебі бұл біріншіден адалдық емес, екіншіден, заң алдындағы жауапкершіліктен ар алдындағы ұяттымызға басымдық беруіміз керек. Сонда ғана біз одан өзімізді аса ұстаймыз.

Жоғарыда айттық, мемлекет бұл дертпен қазір күресті күшейтті. Енді біз осы мақсатқа қалай өз үлесімізді қосамыз? Бұл сауалдың түйінін тарқату үшін қыр асудың қажеті шамалы. Әр адам жемқорлықпен күресті өзінен бастаса, біздің қоғамнан паракорлық өздігінен ұмытылар еді.

Ә.ДҮЙСЕНБАЕВ,  
Қызылорда облысы бойынша  
Қазынашылық Департаментінің басшысы

# ЕЖЕЛГІ ТҰРАНЫҢ ДИНОЗАВРЛАР ӘЛЕМІ

1-бетте

Аралозавр – қазіргі Қазақстан жерінде өмір сүрген динозавр туысының гадрозавр тұқымдасына жататын үйрек тұмсықты динозавр. Шамамен Бор кезеңінде өмір сүрген динозавр атауы «Арал»

жасап, қорғау үшін табынмен (үйірмен) бірге жүрген. Артқы аяғы ал-

дыңғы аяққа қарағанда жуан, ұзынырақ және күштірек болған. Ал алдыңғы екі аяғы әлсіз, қысқа, тек талдан қорегін алуға пайдаланған бола керек.

Сыр өңірінде мекендеген алып бауырымен жорғалаушылар қатарында динозаврдың тағы бір түрі –

себеп болды. 2004 жылы соңғы құрал-жабдықтар көмегімен нүктесі қойылып, гадрозаврларға жататыны нақтыланды. Болжамды биіктігі – 5-6 м, ұзындығы – 15 м, салмағы – 56 тонна болатын шөпқоректі деген анықтама берілген.


Гадрозаврлар, яғни үйрек тұмсықты динозаврлар қатарына

қосылуы арқылы жасалған. Бұл атау белгілі кеңестік палеонтолог және азиялық гадрозавроидтарды зерттеген Анатолий Константинович Рождественскийдің құрметіне берілген. Азия территориясында гадрозавр тұқымдастарын жете зерттеген палеонтолог-ғалым А.К.Рождественскийдің орасан

аймағының кесірткесі» деген мағынаны білдіреді. Аралозаврдың болжамды ұзындығы 8-9 метр, биіктігі 2 метр шамасында болған. Салмағы шамамен 5 тоннаны құрайды.

Ол иілген доға тәрізді-дес тұмсығымен ерекшеленеді. Аралозаврдың бұл доғалы тұмсығы басқа гадрозавридтерге, соның ішінде жақын туысы – грипозаврларға қарағанда жақсы дамыған. Тағы бір ерекшелігі – бас сүйегінің артқы жағы кең, жақ бұлшықеттері үлкен болып келеді. Табылған бас сүйек қаңқасында 1000-ға жуық кішкентай тістерінің болуы байқалған. Тістер өсімдіктерді шайнау үшін пайдаланылды. Бұл шөпқоректі динозаврларда жиі кездеседі, яғни өңірімізде жыртқыш емес, зиянсыз шөпқоректі бауырымен жорғалаушылардың алып түрі болғандығы нақтыланған. Аралозаврдың көздерінің алдында кішкентай үрленген шарларға ұқсас

дөңгелектер болған. Ғалымдардың айтуы бойынша, олар осы қос шарды үрлеу арқылы зор дауысын шығарған. Олар оны шар тәрізді үрлеп, жыртқыштарды үркітуге немесе серіктестерді шақыруға пайдаланған болса керек. Бұтақтарды, жапырақтарды және гүлді өсімдіктерді тіссіз тұмсықтарымен кесіп, артқы азу тістерімен шайнаған. Аралозаврлар ұя салуға қолайлы жерлерде балапандарына қамқорлық



Арыстанозавр да бар. Атауы Сыр топырағындағы Арыстан-баба құдығымен тікелей байланысты. 1972 жылы Бозтөбе түзілімдерінен табылған алып кесірткенің тістері мен жамбас сүйегі Арыстанозаврға тән екені анықталды. Кейін ол Кератопсияға тиесілі болуы мүмкін деген болжам жасалды. Нәтижесінде көп жыл бойы жалғасқан түрлік сәйкестігі бар пікірталас ғалымдар арасында тартысты болжам жасауға

жататын Сыр бо й ы н д а «Батырозавр» да мекен еткен. Батырозавр – Бор дәуірінде жойылып кеткен тағы бір алып шөпқоректі динозаврлар тұқымдасы. Жалпы атауы түрік тілінен аударғанда «жауынгер батыр» сөзінің

еңбегі бағаланып, өз ісінің батыры санаған ғалымдар аталмыш динозаврға «Батырозавр» атауын берген. Шамалық ұзындығы – 5-6 м. Зерттеу барысында үлкен бармақ, төменгі жақ, жартылай ми корпусы, 60 шақты тіс, екі сүйегі табылған. 2012 жылы бельгиялық палеонтолог Паскаль Годфруа және оның әріптестері топтық ғылыми зерттеу анықтамасын жасаған.

Мезозой эрасының бор кезеңінің екінші жартысында жер шарының тіршілік әлемі және физикографиялық жағдайы күрт өзгерістерге ұшырап, ірі жануарлардың жаппай қырылуы басталды. Оның себебі әлі толық ашылған жоқ.

Сыр топырағында алғаш 1957 жылы табылған аралозаврдың бас сүйек қаңқасы КСРО ғалымдарының Орталық Азия жерінде жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттырды. Зерттеу жұмыстары осылай Аралозаврмен қатар, Арыстанозавр және Батырозаврларды анықтады.

Ләзат  
ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ,  
Қызылорда облыстық  
тарихи-өлкетану  
музейінің ғылыми  
қызметкері



## СЫҒАНАҚТАҒЫ ТАНДЫР ПЕШ

Кейбір ұлттар тоз-тоз боп бір дерексіз кеткенде, Біздер қалай айналдық Құдай сүйген текті елге?! Тасқа түскен, хатта бар тағылымы мол тарих, Мойныңды еріксіз бұрғызды өткенге.

Бір оқиға естіп ем үлкендерден үлгілі, Тәңірге аян, бірақ та оның дәлел шындығы. Тандыр пеш пен Жылама бұлағының күшімен, Сығанақтың сақталған берекелі бірлігі.

Адастырып, жолға сап, қинап барып сыйлап бақ, Сығанақ ғой әркімді тағдыр деген ми батпақ. Қақпасының алдына жау келіпті бір күні, Бар байлығын тонап ап, ниеті бар қиратпақ.

Елестетіп бейнесін қаңыраған қаланың, «Құрығанда» – депті хан: Бір аптада аламын. Билеушісін өлтіріп, халқын құл қып айдаймын, Тандаулысын тұл етіп, тасқа тіліп табанын».

Білмесе де барлығын не жұмбағы, не сыры, Мұнсыз, ойсыз ханының осы болды кесімі. Тарихшысы қонжытып жазып жатты паракқа, Пәлен күні өшті деп Сығанақтың есімі.

Колданса да тың тәсіл, әлемде жоқ күш, айла, Әскер азып, хан қажып, бопты дейді пұшайман. Басып алам шаһарды ертең, ертең, ертеңмен, Жаулап алу уақыты кешігіпті үш айға.

Алға басқан адымы кете беріп керіге, Арман болып бір шығу Сығанақтың төріне. «Есің барда еліңді тап» деген сөз есіне, Кеш түссе де залым хан оралыпты еліне.

Жеңбей қайтып татқан хан жеңілістің шын дәмін, Жинаса да қасына дүр данышпан, кіл ғалым. Қайта-қайта ойлаумен, аһ ұрумен өмірден, Өткен шығар шеше алмай сұлу қала жұмбағын...

Басқыншыға беймәлім, ал біз білер дерегі, Дуанбасы\* айрықша асып туған ер еді. Азық-түлік таусылған, сырттан келер су бітеу, Сығанақтың халқының нан болыпты көрегі.

Өр халықтың сағы одан дей алмаймыз сыныпты, Басқа түскен жағдайды тұтас ел боп ұғыпты. Қызуымен нан және жұрт жігерін пісіріп, Үш ай бойы тандыр пеш дамып таппай тұрыпты.

Бидай біткен, ұн да жоқ ел ашығып барады, Деген кезде тағы да табылыпты амалы. Қалада бар ағашты дйрменмен үгітіп, Қалған нанды осындай әдіспенен жабады.

Тандыр наннан там-тұмдап әл мен күшін алсын-ақ, «Суды қайдан ішті?» деп саңқ ететін бар сұрақ. Оған жауап: Бар дедік Жыламадай бұлағы, Жарып шығып жартасты жылап аққан тамшылап.

Жүрек жалпап тандырмен, жібітіп ап тек көмей, Сарбаздарға сеп болып қатар тұрып көп кедей. Таусылғанша тас атып, төбесінен қоз құйып, Қасарысқан дұшпаны кеткені рас беттемей...

Ертеқайтып бұл бала қалай-қалай бөседі, Деменділер, көңілім тек шындықпен дос еді. Бір қаланы тұтастай қамтамасыз ететін, Археологтар сол пешті қазып апты деседі.

Қиындыққа тап келсе Тәңірінен жол сұрап, Әлімсақтан бар сыңа ермен бірге ел шыдар. Бір қаланы қырғыннан сақтап қалса тандыр пеш, «Ас атасы – нан» деудің себебі де сол шығар?!

\* Дуанбасы – қала басшысы

Ұлықбек БЕКҰЗАҚҰЛЫ

# СЫҒАНАҚ. МЫҢЖЫЛДЫҚ ШАҒАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сығанақ қалашығы – Ұлы Жібек жолы бойындағы шаруашылығы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары деңгейде дамыған атақты қалалардың бірі. Ақ Орда мемлекетінің, кейін Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ қалашығы жайлы тарихи деректер аз емес. Десе де ортағасырлық орданың ашылмаған сыры мен зерттелмеген тұстары әлі де көп. Ашық аспан астындағы мұражай жұмыстарын көпшілікке таныстырып, насихаттау мақсатында «Сығанақ тарихы» қоғамдық музейі мен Жаңақорған аудандық мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен көне қалашыққа пресс-тур өткізілді.

Қаншама ғасырдың куәсі болған Сығанақ қалашығы Жаңақорған ауданы, Сунаката ауылынан 2 шақырым қашықтықта орналасқан. Дешті даласының атақты хандары жерленген қасиетті һәм қастерлі өлкеде өткен маңызы мол танымдық шараны Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Бектас Нұриддинов ашып, сөз сөйледі.

– Бүгінгі Сығанақ қаласында ұйымдастырылып жатқан игі шараға Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, өзіміздің облыс орталығынан, басқа өңірлерден де арнайы делегациялар қатысып отыр. Бірнеше жыл бойы мемлекеттен тиісті қаражат бөлініп, Сығанақ қалашығына «Казрестоврация» мекемесінің мамандары қазба жұмыстарын ұйымдастырып, қаланың бұрынғы кейіпін қалпына келтіруге жұмыс жасауда. Ақорда мемлекетінің, қазақ хандығының астанасы болған, Ұлы Жібек жолы бойынан орын тепкен, тарихи тағылымы мол, ортағасырлық Сығанақ қалашығының қазақ тарихында алатын орны ерекше, – деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары.

Шара барысында қалашық тарихын зерттеу мен дәріптеу мақсатында көптеген бастамалардың ұйытқысы әрі ұйымдастырушысы болып жүрген, «Сығанақ тарихы» музейінің негізін қалаушы Рымбек Амандықовқа Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаты табыс етілді. Мәдени шара әрі қарай «Мирас» антреприза театрының ашық аспан астындағы «Сығанақ сыры» атты қойылымымен жалғасты.

– Антреприза термині бір қойылым үшін әр театрдан жиналатын әртістер ұғымын білдіреді. Бұл 2017 жылы қойылған «Ниссамиддин һәм Сығанақ сыры» атты пьесадан үзінді. Яғни аты

аталған пьесаның қысқа-нұсқа екі картинасы көрсетілді. Ниссамиддин мен оның досы Қожа Ахмед Ясауи екеуі екі қалаға, яғни бірі Яссы қаласына, бірі Сығанақ қаласына келіп ислам дінін дәріптейді. Осындағы Дешті-Қыпшақ қағанатының билеушісі Қадыр Бөке Алып Қыранмен кездеседі. Хорезм шахының елшілері келіп, соғыс үндеуін де осы жерде тастайды. Қойылымда базар маңындағы көріністе Ниссамиддинді құлдар мен кедей жалшылардың қамқоршысы ретінде сомдаймыз, – дейді театр режиссеры Дінмұхамед Әбжаппаров.

Қойылымға арнайы қос бірдей локация дайындалған. Олардың бірі қалашықтың сыртқы бөлігі базарды бейнелесе, ал қала ішіне хан ордасы тігіліп, сахналық безендірулер жасалған. Ғұлама Ниссамиддиннің ғұмырнамасынан үзінді қойылымды тамашалаған қонақтар ізінше «Орда Сығанақ» шипажайының екінші қабатында орналасқан «Сығанақ тарихы» музейімен танысып, көне қалашықтан табылған тарихи экспонаттарға танданысын жасырмады.

– 2014 жылдан бастап қалашықтың тарихын зерттей бастадым, тұтас қазақ хандығының астанасы болған орынға арналған музейдің жоқтығын түсіндім. 2003 жылдан бері қазба жұмыстары жүргізілуде. Сонда бұл жерден табылған дүниелер қайда кетіп жатыр? Неге сырбойылықтар осынау тарихи құнды жәдігерлерді өз көзімен көріп, сырын сезіне алмайды? Неге бүгінгі ұрпаққа соны ұсынбасқа? Осындай сұрақтар санамды сілкіп, жан жаққа хат жазып, іздене бастадым. Мемлекеттен тікелей қолдау болмағандықтан «Сығанақ тарихы» деген атаумен қоғамдық қорды ашып, кейіннен 2018 жылы Халықаралық музей күнінде жергілікті музейдің тұсауы кесілді.

Мұндағы экспонаттардың көбі археологтардың қазба жұмыстарынан қалған қалдықтардан бастау алды. Қаншама дүние табылды. Бірақ бүгіндері қолды болып, кейбірі сатылып кетті. Тіпті, қазба жұмысын жүргізген археологтардың өздері қалтасына басты. Дегенмен жан жақтан іздеу жұмыстары жүргізіліп, қалашықтың өз заттарымен толықтырудамыз, – дейді музейдің негізін қалаушы Рымбек Амандықов.

Шараға арнайы келіп қатысқан Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің мамандары мен мұражай директорының орынбасары Жанар Ахметова тарихи қалашықтың табанынан табылған көне жәдігерлерді Сығанақтың өз мұражайына табыстады.

– Бүгін облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан 2022 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы университеттің археология ғылыми зерттеу институтының осы Сығанақ қалашығына жүргізген қазба жұмыстары барысында табылған артефактілерін осы «Сығанақ тарихы» музейіне екіліп табыстап отырмыз. Олар Х ғасырға тиесілі глазурилген қаптамалар, терракоталар, өрілген қабырғалардың бұрыштамалары секілді құнды дүниелер, – дейді Жанар Ахметова.

Талайды тарихи деректерге қанық етіп, таным көкжиегін кеңейткен шараның шарықтау шегі белгілі драматург Сая Қасымбектің «Нұрнама» атты драма қойылымымен қорытындыланды. Аудан әкімінің орынбасары «Мирас» антреприза театрының режиссеры Дінмұхамед Әбжаппаров пен драматург Сая Қасымбекке аудан халқының атынан алғысын білдіріп, аудан әкімінің марапаты мен сый-сияпатын табыстады.

Аружан ОРАЛБАЙ

## САУАТТЫ ЖАРНАМА – ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Тіл тазалығын сақтау – мәдениетке ұмтылған әрбір саналы адамның өрекеті. Қоғам дамып, алға озған сайын тіл де жанды құбылыс ретінде бірде дамып, бірде құлдырап отырады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, сондай-ақ, оның қолданыс аясын кеңейту үшін ең маңызды қадамдар мен өзекті мәселелер қозғалып келеді. Соның бір көрінісі ретінде көрнекі ақпараттар мен жарнама мәселесін қарастырып дұрыс.

Сауатты жарнама – біріншіден, ауданның немесе ауылдың мәдени деңгейін көрсетсе, екіншіден мемлекеттік тілге деген құрметтің дәлелі. Осы мақсатта Қазалы қаласында кездескен кәте жазылған жарнама мәтіндері туралы біршама ақпараттарды топтастырдым.

Мәтін дегеніміз не? Мәтін арқылы кез келген адам өзіне қажет ақпаратты алады және сол жердегі мәліметтің дұрыстығына сенімді болады. Кітаптағы тақырыптық мәтіннен бастап, көшедегі маңдайшалардағы ақпараттың барлығы мәтін саналатындықтан, жазу кезінде грамматикалық және стильдік нормалардың сақталуына баса назар аударған дұрыс. Әрине, жарнама мәтіндері арнайы дизайнерлік орталықтарда әзірленеді. Сондықтан қызмет көрсетіп отырған жауапты тұлға ретінде жарнама агенттіктерінің қызметкерлері тілді қолдануда мемлекеттік тілде, сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағында немесе төменгі жағында орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін сияқты мәселелерді назарда ұстағаны дұрыс. Бұл ретте, арнайы бөлімдердегі мамандармен кеңесіп отырған артық етпейді. Көрнекі ақпараттар тіліндегі түрлі қателер,

– мемлекеттік емес ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де жазылады;

– мемлекеттік ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған жағдайда орыс тілінде де жазылады;

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, хабарландырулар, жарнама, преискуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады.

Алтыншы бөліктегі «Көрнекі», «көрнекі» деген сөздер тиісінше «Деректемелер мен көрнекі», «деректемелер мен көрнекі» деген сөздермен ауыстырылған. Осы мақсатта Қазалы

Сондай-ақ аудандағы қоғамдық тамақтану орындарына жүргізілген рейд жұмыстарының нәтижесінде, ас мәзіріндегі кемшіліктер анықталды. Облысымыздың жетістігі ретінде 2023 жылы ғалымдардың жетекшілігімен жарық көрген «Тағам атауларының сөздігі» атты еңбекті айта кеткенді жөн санадым. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының жобасы аясында атқарылған ілімді істердің қатарынан көрінген еңбектің тұтынушылар үшін маңызы зор. Еліміздегі алғаш рет қоғамдық тамақтану орындарында ас мәзірін мемлекеттік тілде ұсынудың базасы жасалып және Алаштың анасы – Сыр бойында басталды. 2022 тағам атауы топтастырылған сөздік арқылы тамақтану орындары ас мәзірін қазақшалау ісіне көшті.

Кенес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «Тіл тазалығы үшін күрес – ешқашан толастайтын мәңгілік күрес». Сондықтан тіліміздің тазалығы үшін күресімізді ешқашан толастатпай, өз жұмысымызды абыроймен атқара берейік.

Түйіндеп айтқанда, «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру – біздің абыройлы міндетіміз.

Елдігіміз еңселі, тіліміз тұғырлы болсын!

Жансая ПІРІМ



сауатсыз аудармалар қоғамдық санаға қаншалықты әсер етеді? Ең алдымен қоғамның басты құндылығы болып саналатын адамдар заңнама туралы толық хабардар болуы тиіс.

2021 жылы 29 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» 21-бабына өзгерістер енгізілгені өздеріңізге белгілі. Ол қандай өзгерістер? Олар:

– деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері орфография нормалары және мәтіннің тентүпнұсқалы аудармасы сақтала отырып жазылуы тиіс;

– мемлекеттік ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады;



кезде басқа тілдерде де орналастырылады.

– мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады;

– Қазақстан Республикасында қорғалатын, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшаларында пайдаланылатын тауар белгілері өзгермеген түрінде жазылады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жол белгілеріндегі жазбалар мемлекеттік тілде жазылады.





# ПОЙЫЗДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН САРТАЙ

Арал ауданы Ақшатау ауылының азаматы Күмісбек Айжарықұлы 9 маусым күні ұлды болды. Қызығы сол жұбайы Ақбілек Жаксылық перзенті Сартайды Павлодар – Қызылорда пойызының вагонында босанған. Бұл сәби жастардың тұңғышы екен.

Сегіз айлығында анасының құрсағынан жарық дүниеге асыққан періште бүтін бір вагонды басына көтеріпті. Сәтін салғанда жолаушылар пойызында дәрігерлер болып, аяғы ауыр келіншекке алғашқы көмек көрсеткен.

Күмісбек көзқуанышын бірнеше күн өткен соң перзентханадан шығарып алды. Дегенмен де жарымен бірге өткізген отарбадағы көңіл күйін, кобалжуын, толқынысын әлі баса алмай жүр.

– Мен алғаш рет әке атанып отырмын. Кішкентай нәрестені сыйлаған келіншегіме рақмет айтамын. Дәрігерлер мен жолсеріктерге де ризашылығымды жеткізім келеді. Солардың арқасында балам жол үстінде дүние диларын көрді. Сәбидің салмағы үш келіге жуықтайды. Бойы 52 сантиметр болыпты, – деді жас әке.

Ақбілек баласымен бірге перзентханада үш күн ем алған. Қазір сәбидің денсаулығы жақсы.

– Жедел жәрдем бізді мекелі жерге жеткізе алмайтын болған соң пойызға құқық қорғау қызметкерлерімен бірге отыруға тура келді. Баланы түнгі сағат үш пен төрттер шамасында босандым.

Маған Магрипа Аппасова, Үлмекен Қожасова, Оразкул Бірімжанова сынды мамандардың қолдауы ерекше күш берді, – дейді А.Жаксылық.

Айта кетейік, бүгінде пойыз жолсеріктері жолаушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетумен қатар, қажет болғанда жүкті әйелдерді босандырып алады.


– Жолсеріктердің біліктілігін арттыруға ерекше мән береміз. Бұл бағытта мамандарға арналған тренинг, семинарлар ұйымдастырылады, оның ішінде әдеп этикасы, стандартты қызмет көрсету, эмоцияны басқара білу, күйзеліске төтеп беру тағы сол сияқты дағдылар бар. Қызметкерлерді бұл қасиеттерге жұмыс барысында қолдану үшін үйретеміз, себебі жолсеріктер пойызда түрлі жайттарға тап болып жатады.

Соңғы үш жылдың ішінде пойыздарда 15 нәресте дүниеге келді, оларды біздің жолсеріктер босандырып алды, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов.

Айдар САЙЛАУОВ

Әлеуметтік медиа достарымызбен, отбасымызбен және жалпы әлеммен байланыс орнататын күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Қазір елдің бәрі сағаттап фейсбук, инстаграм, тик ток немесе телеграммда отырады. Сондағы әдемі өмірге елігіп, жүйкесін жұқартып жүргендер қаншама. Сол жылғыр фильмдер мен түрлі-түсті фотосуреттердің артында адамның психикасы мен эмоционалдық денсаулығына қауіп төндіретін зиянды басқа әлем жатқанын ұмытпауымыз керек. Деректерге сүйенсек, әлеуметтік медида ұзақ уақыт болу пайдаланушыларда, әсіресе жасөспірімдерде стресс, мазасыздық және депрессия деңгейінің жоғарылауына әкеледі екен. Мұның басты себебі өзінді әлеуметтік желідегі идеалдандырылған өмір салтымен үнемі салыстыру. Ондағы «мінсіз» фотосуреттер мен өмірдің жарқ-жүрк еткен сәттері іштей қызғаныш тудырып, өзінді төмен бағалауға алып келеді.

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ БІЗ



Сонымен қатар, әлеуметтік медиа адам бойында есірткіге немесе алкогольге тәуелділікке ұқсас тәуелділікті дамыта алады. Паракшадағы хабарламаларды, ұнатулар мен пікірлерді үнемі тексеріп отыруға деген ұмтылыс шынайы өмірден алыстатып, басқалармен қарым-қатынаста қиындықтарға әкелуі мүмкін. Достарыңды, ата-ананды ұмытып, айналанда не болып жатқанынан бейхабар күй кешу секілді.

Дегенмен, әлеуметтік медианың жағымды жақтарын да айта кету керек. Олар идеялармен бөлісуге, қауымдастықтар құруға, адамдардың қиын кезеңдерде бір-біріне қолдау көрсетуіне оң ықпалын тигізіп жүр. Жақында ауыр науқастың жатқан сәбиге шетелде ота жасатуға қажетті қаражатты жинауға желі қолданушылары ықпал етті. Су тасқыны кезінде зардап шеккен

адамдарға да әлеуметтік желі пәрменімен жан-жақтан түрлі қолдаулар жасалды. Сондай-ақ, әлеуметтік платформалар қоғамдық жұмыстарды жандандыру кезінде таптырмас алаң болып табылады.

Қалай дегенмен де әлеуметтік медианы пайдалануда тепе-теңдікті ұстаған жөн. Оның зияны мен кері әсерін азайту үшін шаралар қабылдау маңызды. Ол үшін әлеуметтік желіні қалыпты пайдалануды басты назарға алу керек. Күні бойы экранға телмірмей үзіліс алып тұрған және ондағы мазмұнға саналы көзқарас қалыптастыра білу керек. Оның артында шынайы өмір бар екенін де естен шығармаған абзал. Яғни, виртуалды әлем мен нақты әлем арасындағы үйлесімділікті табу керек.

Назерке ЖАХАНОВА

## КӨЗ ЛИНЗАЛАРЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Әлем жадында атақты суретші кейінде есте қалған Леонардо да Винчи 1508 жылы көзі нашар көретін адамдарға арнап суға толған шардың сызбаларын салғанын білесіз бе? Осы үрдіспен басталған жанашылдық аясында 1637 жылы Рене Декарт бір жағында үлкейткіш әйнелік, бір жағында адамның көзіне арналған тетігі бар оптикалық заттың сызбаларын жасаған. Ал 251 жылдан кейін неміс физигі Адольф Гастон Евгений Фик оптикалық күші бар шыны линзаны суреттеген. Бұл дәрігерлердің тәжірибесіне 1889 жылы ғана енді.

Көз – адамға тарту етілген нығметтердің бірі. Тұрмыс-тіршілікке мықтап бекінген цифрлы құралдар немесе технологиялар дәл осы көздің қас жауы. Үлкендерді бері қойғанда, жастар мен балалардың көру қабілеттері тым төмен. Осылайша айналда «төрт мөзділер» көбейді. Алысты, жақынды анық ажырата алмай, мұрнының астындағы жазуды да топшылап көретін жасөспірімдердің арасында көзілдірік таққысы келмейтіндер бар. Бағана біз жазғандай «төрткөзді» деген лақап атқа ие боламын дейді ме, көбі ұялатын көрінеді. Осындайда контактілі линзалар көмекке келеді.

Линза – көру қабілетін түзетуге арналған, көздің бетіне тікелей қойылатын шағын, дөңгелек, мөлдір құрылғы. Олар көру өткірлігін жақсарту үшін көздің мөлдір қабығын өзгертіп, жарықтың көз торына дұрыс фокусталуына көмектеседі. Қазір олар көзілдірікке балама ретінде қолданысқа кеңінен енді.

Дәл осы мөлдір қабықты қолданушыларының айтуынша, линза толық көру аймағын қамтамасыз етеді, қозғалыс кезінде де, белсенді демалыста да келергі болмайды. Сондай-ақ жаңбыр немесе қар секілді түрлі ауа райында көзілдірік секілді буланып, бұлыңғырланбайды екен.

Тек пайдалы, оң әсері ғана бар деген пайым да дұрыс емес. Линза ұқыпты қолдануды талап етеді, оны сақтайтын контейнер, сұйықтық, көзді құрғаудан сақтайтын тамшыны қоса алып жүру керек. Құрғақ ауада линза көзден түсіп кетуі мүмкін, арнайы күтім заттары, жарамдылық мерзіміне байланысты шығыны көп. Массажеттің мәліметінше, линза тағатын әрбір он үшінші адамда көру қабілеті нашарлап, 50%-да көз шынайынасының қабығы зақымданады. Ұлыбритания офтальмологтары кейінгі жылдары линза тағатындардың арасында көз инфекцияларының

көбейгенін айтады. Түрлі бактерия, микроағзалар көзге зиян келтірсе де, британ мамандары күтім жақсы болса, линзадан қауіп жоқ дейді.

Линза тағу үшін алдымен дәрігерден кеңес алу керек. Линзаны көзге кигенде көру аппараты мен қарашықтың аралығында ауа болмайды.

– Иә, өзіңіз айтқандай бүгінде жасөспірімдер контактілі линза қолданғанды жақсы көреді. Көзілдіріктің де, линзаның да түрлі эффектілері болады. Линза көзілдірікке қарағанда айналы толық көруге мүмкіндік береді. Әсіресе, астигматизм кезінде көзілдіріктің екі жағы екі түрлі болғаны көзге ауыр әсер етеді. Ал линза таққанда көру мүмкіндігі де көзілдірікке қарағанда жақсы болады. Алдымен линза түрлеріне тоқталсам, ауа өткізетін (гидрогельді), ауа өткізбейтін (силикон-гидрогельді) және түрлі түсті түрлері бар. Бір күндік немесе бір айлық линза болса, оны уақытынан артық пайдалануға болмайды. Сонымен қатар линзаны міндетті түрде өзіңіз арнайы сұйықтығында сақтап, сонымен тазалау керек. Линзамен ұйықтауға болмайды. Ол көздің жоғары қабатына кетіп, алуға қиындық тудырады. Сондықтан, ұйқы алдында линзаны шешіп, көзді тынықтыру қажет. Әйтпесе, гипоксия да пайда болуы мүмкін. Соның салдарынан көздің қабыну аурулары туындап, көру қабілеті төмендейді. Әйел адамдар линзаны макияжға дейін тағып әрі суға түскенде линзаны шешкен жөн. Ең бастысы инфекциялық көз ауруы бар, құрғақшылыққа бейім және глаукома сынды дерт кезінде тағуға болмайды, – деді оптометрист маман Алтынай Мейрамбекқызы.

Жанардың мұндай түрін дұрыс, бұрыс деп нақтысын айту қиын-ақ. Кімге көзілдірік, кімге контактілі линза тағу еркі өзінде. Бастысы күтім мен қолданылуы дұрыс болса игі.

Инуу МАРЖАН